



Педагог

№2 (68)
(Наурыз-Сәуір)
(Март-Апрель)
2022

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. Сулейменова. Педагог – жан-жақты зиялы тұлға	4
Г. Рыспаганбетова. Новые подходы в содержании образования	6
Ә. Дәулетова. Тәрбие отбасынан басталады	9
Н. Бекмурзаева. Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры	11
Г. Ауезова. Болашақ ұрпақты кәсіби ұлттық музыка шығармашылығына тәрбиелеу	15
Г. Өмешова. Колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін клубтық іс-әрекеттер арқылы қалыптастыру	18
С. Айсаутова. Бастауыш сынып оқушыларының ана тілі сабақтары негізінде шығармашылық қабілетін дамыту	20
И. Молдаханов. Университеттің бастауыш білім беру топтарында баскетбол ойнау техникасының негізгі элементтерін игеру әдістері	23
М. Теңізбаева. STEM – оқыту біріктірілген тәсілімен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру	25
А. Ibraimova, G. Iztileuova, D. Bezuidenhout, M. Akhtanova. The implementation of action research in English lessons	28
Г. Ажикенова. Работа над этюдами К. Черни	32
А. Даутов. Медленный вальс. Основы взаимодействия в паре	34
Н. Аристанбаева. Жарықтандыру құралдарын қолдану	36
Т. Аманбаева. Қыздыру беттерінің кемшіліктері мен зақымдау- ларының түрлері	44
А. Хамидулина. Sherlock Holmes: The Blue Diamond	47

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
11.04.2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 11.04.2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Гульнар Жексенқызы 25.10.1976 жылы туған. 1996-1999 жылдары Есік педагогикалық колледжін «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Педагогика мен Психология» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алған. 2014 жылы Есік гуманитарлық педагогикалық колледжі «Мектепке дейінгі мекемелерде білім беру» мамандығы бойынша білімін толықтырған.

Педагогикалық еңбек өтілі — 14 жыл.
Санаты: бірінші, 2017 жыл.

Курстары:

2015 жыл — «Бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды қолдану»;

2015 жыл — «Нәтижеге бағытталған, білім беру үрдісіне оқыту технологияларын енгізу жолдары», №0024703 сертификат.

Марапаттары:

2016 жыл — аудандық Құрмет Грамотасы;

2016 жыл — «Үздік сынып жетекші» аудандық мақтау қағазы;

2015 жыл — «Үздік бастауыш сынып мұғалімі»;

2016 жыл аудандық мақтау қағазы, аудандық Құрмет Грамотасы — 2016 жыл.

Сертификаттары:

- «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы, 2017 жыл;

- «Бастауыш мектепте оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды қолдану», куәлік №2072, (№EG120005179), 2012 жыл;

- Сертификат «Инклюзивті білім беру жағдайындағы мектепалды даярлық мекемелерінде дамытушы технологияларды қолдану», 2014 жыл;



**Гульнар Жексенқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
«Zerdesht» зияткерлік мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

- Сертификат Республиканской дистанционной олимпиады, 2015 жыл;

- Сертификат №1160534, 2017 ж., сертификат №1182413 Республикалық қашықтық олимпиада «КИО», 2017 жыл;

- «Жастар жаққан жұлдыздар» Мадақтама, 2017 жыл;

2018-2019 оқу жылында «Жас дарын», «Самға самұрық» байқауында 2 оқушысы бас жүлде, үш оқушы 1-орын иеленген, «Үздік ұстаз» төс белгісімен марапатталды №0699 куәлік;

- 2018-2021 жыл «TAMOS» эдьюкейшн физика математикалық мектеп; №3 оқушылар үйінде Қазақ тілі және Математика пәндерінің білікті педагог ретінде жұмыс атқарды.



«Международный конкурс для школьников» Весна-2018 «Я юный герой» Благодарственная грамота;

Мерзімді баспасөздерге үлгілі сабақтары 2012-2021 жыл аралықта жарық көрді.

2019 жыл — «Ұлы дала ұстазы» байқауында «Үздік сабақ номинациясы»;

2019 жыл — «Ұлт жанашыры» төсбелгі иесі;

2020 жыл — «Шексіз білім иегері» кітабының тізіміне ілінді;

2021 жыл — «Шалдың жеті ұлы», «Өкіметтегі бесеу», «Сөйлем» атты адам, «Тоғыз отау» балаларға арналған ертегі өлендер баспаларда жарық көрді;

2019-2020 жыл — «Оқытудың белсенді формасы — психологиялық тренинг» (әдістемелік оқу құралы);

2021-2022 жылы «Ережелерді есте сақтайық» атты авторлық бағдарламасы жарыққа шықты.



Педагог — жан-жақты зиялы тұлға

Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу ең жауапты, ең күрделі, ең зиялы мамандық болып табылады. Себебі, ол адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық.

Қазіргі мектептің міндеттері:

- Алдыңғы ұрпақтың соңғы ұрпаққа жинаған, қалыптастырған мәдени құндылықтарын жеткізу;

- Баланың тұлғасын дамыту;

- Баланың, мектептің әлеуметтік бейімделуі,

Қандай бір әдістермен педагогикалық технологияны пайдаланбасын, баланың рухани жан дүниесіне әсер етуде мұғалімнің өз тұлғасының әсері ерекше. Оқушылардың мұғалім бойындағы ең бағалы деп есептейтін қасиеттері: баланы жақсы көруі, мейірімділік, сезімталдық, әділеттілік, талап қойғыштық, әзіл айта білуі,

келешекке сенімділік, іске шығармашылықпен қарау болып табылады. Ал, мұндай қасиеттерге еге болу үшін мұғалім рухани бай, зиялы және шығармашыл тұлға болуы қажет. К.Д. Ушинский: «Оқу орнының талабына көп нәрсе байланысты, ең бастысы тәрбиешінің тұлғасының рөлі ерекше, жас ұрпаққа беретін әсерін оқулықпен, жазалау және мадақтаумен алмастыруға болмайды», - деп жазған.

Әрқайсымыз, студент не жас мұғалім болайық «мұғалім» деген сөзді естігенде өзінің ең сүйікті мұғалімдерін кәсіби шеберліктермен қоса, тұтастай тұлға ретінде есіне алады.

Менің де басты арманымның бірі алдымнан оқып кеткен шәкірттерім есейіп ержеткенде ұмытпай өз алған білімдерін өз балаларына үйрете алса екен деймін. Педагог — зиялы тұлға. Өзін жинақы,



сүйкімді ұстайды. Прогрессивті көзқарастарды алға тартады. Сыни көзқарасы қалыптасқан, ұстамды, өзгелердің пікіріне сыйластықпен қарайды. Жүйелі түрде өзіне-өзі баға беріп, рефлексия жасап отырады: мәдениеті, эрудициясы жоғары, эстетикалық, көркемдік талғамы бар. Саясатқа, білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылық танытады. Шығармашылықпен өзін-өзі үздіксіз дамытып отырады. Педагог — рухани бай тұлға. Оның рухани байлығы балаға деген махаббатынан, жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді. Ол өзінің оқушылары және әріптестерінің пікірімен санасады. Тұлғаның рухани байлығы өмірдің мәнін және өмір сүру мақсатын, өзінің кәсіби шеберлігін айқындауына ұмтылуында болып табылады. Педагог адамдардың қарым-қатынасына, әлем сұлулығына ерекше мән береді. Онда эмпатия мен рефлексия жоғары дамыған. Ол жаңа өсіп келе жатқан баланың рухани әлемінің байлығын түсінуге тырысады, сондықтан да өзінің планетарлық, тіпті космостық ойлау үрдісін дамытады. Педагог — шығармашыл тұлға. Ол бірсарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл. Ойлап шығару, жүзеге асыру — оның қалыпты кәсіби үлгісі. Мұғалім — еркін тұлға. Оның еркіндігі өмірде және кәсіби қызметте мәдениет әлемінде өз орнын табуынан көрінеді. Оның еркін ой-пікірі және кәсіби жауапкершілікті сезінуімен тұтастықта. Өзін-өзі бағалай алады, алайда менмендікке жол бермейді. Ол материалдық және рухани құндылықтар әлемінде өз бағытын еркін айыра алады, педагогикалық догмалардан аулақ. Ол батыл шешім қабылдайды, өзінің өмірлік позициясы бар, яғни айналадағы ортаға, адамдарға, өзіне деген қарым-қатынастың берік жүйесі бар. Педагог — адамгершілігі мол, мейірімді тұлға. Бүкіл тіршілік атаулыға, әсіресе балаға үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. Өзімен көзқарасы сәйкес келмейтін адамдарға төзімділік танытады. Әр ұлт өкілдеріне және халықтың салт-дәстүрлеріне сыйластықпен қарайды. Педагог — бәсекелестікті тұлға. Жоғары кәсіби шеберлікті меңгеру үшін рынок жағдайында өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін біліп, мықты жақтарына сүйене отырып, әлсіз жақтарын жетілдіріп отыру керек. Озық педагогикалық тәжірибелерді оқып, танып өз ой елегінен өткізе отырып, шығармашылықпен қолдана білу керек. Кәсіби мәні бар басылымдарды қадағалап, үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтіп отырған жөн. Бәсекелестікті тұлға болу үшін тек өз елімізде емес, білім кеңістігінде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болады, жоғары еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады. Педагог — мәдениет адамы. Ол белгілі бір мәдени кеңістік пен әлеуметтік-мәдени ситуацияларды ескере отырып, ең жаңа ғылым, өнер жетістіктерін бойына сіңіреді. Өз халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бағалайды, біледі. Көркем және кәсіби әдебиеттерге қызығушылық танытады, өнердің алуан түріне мән береді, ең бастысы өзінің шәкірттерін қызықтыра біледі.



Новые подходы в содержании образования

Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрения системы критериального оценивания. Развитие казахстанских учащихся будет проходить путем внедрения активных форм обучения, в ходе которых предполагается, что они будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем. Задача педагогов в ходе применения обновленной программы — привить учащимся основные человеческие нормы и морали, сформировать толерантность и уважение к другим культурам и точкам зрения, воспитать ответственного, здорового ребенка.

Образование как процесс обучения и воспитания человека представляет особым образом организованную деятельность, результатом которой является развитие человека.

Несомненно, обучение — процесс социально обусловленный, вызванный необходимостью воспроизводства человека как субъекта общественных отношений. Отсюда важнейшая социальная функция обучения заключается в формировании личности, соответствующей социальным требованиям. Строительным материалом, источни-

ком «создания» личности служит мировая культура — духовная и материальная, отражающая все богатство, накопленного человечеством опыта. Каков же состав человеческой культуры, тех источников, которые наполняют содержание личности, а следовательно, определяют и содержание обучения и ведут к пониманию его сущности?

В дидактике наиболее признана концепция И.Я. Лернера, который собственно выделил элементы этого содержания:

- 1) знания;
- 2) установленные и выведенные в опыте способы деятельности;
- 3) опыт творчества;
- 4) эмоционально-ценностное отношение к изучаемым объектам и к реальной действительности, в том числе и отношения к другим людям и к самому себе, потребности и мотивы общественной, научной, профессиональной деятельности.

Исходя из этого можно определить, что процесс обучения в своей сущности есть целенаправленный, социально обусловленный и педагогически организованный процесс развития («создания») личности обучаемых, происходящий на основе овладения систематизированными научными знаниями и способами деятельности, отражающими состав духовной и материальной культуры человечества.

Потребности общества выступают в качестве объективного фактора, влияющего на определение содержания



образования. Изменения в развитии науки и техники также влияют на содержание обучения. На содержание школьного образования влияют и методологические позиции ученых-педагогов.

Рассмотрим теории образования, которые оказали влияние в прошлом на содержание школьного образования. Теория формального образования (Дж. Локк, И. Г. Песталоцци, И. Кант, И. Гербарт) ставила целью не столько овладение учениками фактических знаний, сколько развитие их ума,

способностей к анализу, синтезу, логическому мышлению, а лучшим средством для этого считалось изучение греческого и латинского языков, математики.

Под содержанием образования следует понимать ту систему научных знаний, практических умений и навыков, а также мировоззренческих и нравственно-эстетических идей, которыми необходимо овладеть учащимся в процессе обучения, это та часть общественного опыта поколений, которая отбирается в соответствии с поставленными целями развития человека и в виде информации передается ему.

Можно выделить следующие составные части общественного опыта: опыт физического развития человека, опыт эстетического отношения к жизни, опыт трудовой и профессиональной деятельности, опыт познавательной и научной деятельности, опыт нравственных отношений. Соответственно, выделяются основные направления содержания воспитания и образования: физическое воспитание, эстетическое воспитание, трудовое воспитание, умственное воспитание, нравственное воспитание.

Основные направления содержания воспитания и образования



Составные части каждого направления содержания воспитания следующие:



Знание в педагогике можно определить как понимание, сохранение в памяти и умение воспроизводить и применять основные факты науки и теоретические обобщения. Любое знание выражено в *понятиях, категориях, принципах, законах, закономерностях, фактах, идеях, символах, концепциях, гипотезах, теориях*.

Навыки состоят из простых приемов деятельности и совмещенных приемов, из приемов контроля и приемов регу-



лирования. Навык рассматривается как составной элемент умения, как автоматизированное действие, доведенное до высокой степени совершенства.

Умение — это владение способами (приемами, действиями) применения усваиваемых знаний на практике. Умение включает в себя знания и навыки.

Формирование знаний, умений, навыков зависит от способностей человека. Под способностями принято понимать такие развивающиеся в процессе обучения психические свойства личности, которые выступают, с одной стороны, как результат ее активной учебно-познавательной деятельности, а с другой — обуславливают высокую степень легкости, быстроты и успешности овладения и выполнения этой деятельности.

Отношения включают в себя оценочные суждения и эмоциональные отношения к различным сторонам жизни и деятельности. Творческая деятельность обеспечивает рождение новых знаний, навыков, умений и отношений.

- Содержание образования на всех его ступенях должно быть направлено на осуществление основной цели воспитания — формирование всесторонне и гармонично развитой личности, т.е. обеспечивать и умственное развитие, и техническую и трудовую подготовку, и физическое, и нравственное, эстетическое воспитание.

- Содержание образования должно строиться на строго научной основе, включать только твердо устоявшиеся в науке факты и теоретические положения, учебный материал должен соответствовать современному состоянию науки, способствовать формированию жизненной позиции.

- Содержание образования по каждому учебному предмету должно соответствовать логике и системе той или иной науки, а также взаимосвязи между отдельными учебными предметами.

- В содержании образования теория должна соединяться с практикой, обучение — с производительным трудом.

- Содержание образования должно соответствовать возрастным возможностям учащихся.

- Общее образование в школе должно сочетаться с техническим и трудовым обучением, способствовать профессиональной ориентации учащихся. Общее образование имеет своей целью овладение основами важнейших наук о природе и обществе, развитие мировоззрения и нравственно-эстетической культуры. Техническое образование знакомит учащихся в теории и на практике с основными отраслями современного промышленного производства и формирует умения и навыки обращения с наиболее распространенными средствами труда.

Дидакты С.Г. Шаповаленко и М.Н. Скаткин считали, что в процессе технического обучения необходимо ознакомить учеников с электрификацией, механизацией, автоматизацией, химизацией, компьютеризацией производства, со способами получения новых видов материалов и технологией их обработки, с различными способами повышения производительного труда. Профессиональное образование направлено на подготовку человека к определенной профессиональной деятельности, на усвоение необходимой системы знаний и профессиональных практических навыков.



Учебные программы могут строиться по концентрическому и линейному принципам. При концентрическом способе построения программ материал данной ступени обучения в более усложненном виде проходят на последующих ступенях обучения.

Таким образом, содержание образования, определяемое стандартом, позволяет формировать не только предметные знания и умения, но и качества, определяющие развитие индивидуальности и социализацию личности школьника.

Литература:

1. Пешкова, В. Е. Педагогика. Ч II : Общие основы педагогики [Электронный ресурс]: курс лекций: учебное пособие / В. Е. Пешкова. — М. —

Берлин: Директ-Медиа, 2015, - 121 с.

2. Подласый, И. П. Педагогика [Текст] : учебник / И. П. Подласый. — М.: Юрайт, 2010. — 574 с. (гл. Педагогика — наука о воспитании).

3. Сластенин, В. А. Педагогика [Текст]: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; под ред. В.А. Сластенина. — М.: Академия, 2011. — 608 с.

**Гульмира Муратовна
РЫСПАГАНБЕТОВА,**

**учительница начальных классов
общеобразовательной средней школы
№60
г. Актобе.**



Тәрбие отбасынан басталады



Әзима Юсупқызы ДӘУЛЕТОВА,
Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектеп
директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Адам бойындағы қалыптасатын жақсы не жаман қасиеттердің барлығы дерлік отбасындағы тәрбиенің нәтижесі екені сонау замандардан бері баршамызға мәлім. Ғасырлар қойнауында жатқан өнегелі дәстүрлер мен

өзінше әдеп-ғұрыптар ұлттық тәрбиенің мығым болуы үшін, елдің болашағы өте маңызды. Осы бір дәстүрлер қазақ балаларының бойына асыл қасиеттерді сіңіріп, тәрбие деген сөздің ұғымын тереңнен түсіндіргендей. Дана халқымыз



«Тәрбие — тал бесіктен» деп тегін айтпаса керек. Баланың азамат болып жетілуі, қоғамға пайдасын тигізуі осы бір отбасы деген шағын ғана мемлекеттен бастау алатынын ертеден-ақ аңғарғандай.

Ғалымдардың пікірінше, бала ана-ның құрсағында жатқанда-ақ, тәрбиенің алғашқы белгілері пайда болады екен. Анасының сабырлы болуы, дұрыс тамақтануы іштегі баланы да тәрбиелеп бастайды. Отбасында баланың экономикалық тұрғыда толық қамтамасыз етілуі бала үшін жеткіліксіз. Балаға ең әуелі тәрбие мен білім қажет. Бұл екі ұғымды бөле жарып қарауға тіптен болмайды. Ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген екен. Ата-бабамыз қалыптастырған сан ғасырлық тәрбие әр отбасында түзу болса, елдің де болашағы түзу болмақ. Болашағымыз жарқын болу үшін не етпек керек?! Қайткенде келешекке қорықпай қадам баса аламыз? - деген сұрақтар әрқайсымыздың көкейімізді кернеп жатқандай-ақ, сірә. Осы орайда М. Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген ұлағаты сөзін еске түсірсек, жастардың бет алысы, бағыт-бағдары отбасындағы ұлттық құндылықтарға негізделуі керек екенін аңғарамыз. Әрбір ата-ана баласының жақсы азамат болып шығуын аңсайды. Сол үшін барынша тырысып, бар мүмкіндікті тудыруға әрекет жасайды. Сол қарбалас кезеңде баламызға керемет тәрбие береміз деп, кей жағдайда ұлттық құндылықтарымызды

ұмытып жатамыз. Халқымыздың салт-дәстүрлерін сақтағанда ғана жастардың танымдық қабілетін, ұлттық тәрбие арқылы адами қасиеттерін, адамгершілікті, ізгілікті, данышпандық, көрегендік қасиетті бойымызға сіңіре аламыз. Әрбір отбасында жетіліп келе жатқан бүлдіршін — еліміздің болашағы. Ата мен әженің, әке мен ананың халықтың құндылықтарын сыйлайтындығын, тектілігін көріп өскен бала бойында адамгершілік қасиеттер еріксіз қалыптасады екен. Баланың жүрегінде Отанға деген патриоттық сезім оның тектілігінен туындайды. Қазіргі қоғамдағы жат қылықтардан, теріс ағымдардан жастарды қорғаушы тек қана отбасындағы тәрбие. Адамның рухани азығы ғана адамға қорғаныс болары сөзсіз. Ұлттық тәрбиесі мығым жастар әдепсіздікке бармайды, қоғамға пайда келтіруге тырысады.

Заманның талабы, адамның қажеттілігі, тарихтың көші жыл санап өзгеріп жатыр. Десек те, жүздеген жылдар бойы сараланып, сұрыпталған ұлттық тәрбие тәуелсіздігіміздің кепілі, болашағымыздың айғағы. Барлық тәрбиенің бастауы — отбасы. Қорыта келсек, ұлттық тәрбиенің мақсаты — сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүддені қорғай алатын ұрпақ тәрбиелеу. Адам баласының өсіп өнетін алтын ұясы, жақсылық пен мейірімділіктің ошағы — отбасында, ұлттық құндылықтарды жаңғыртып дәріптеудің ең өзекті мәселе екенін түсіндік. Атадан балаға мұра болып қалған ұлттық тәрбиенің тасымалдаушысы — отбасы. Ендеше, баланы жамандықтан жиреніп, жақсылыққа жетелеуші ұлттық тәрбиемізді жоғалтып алмайық.



Тіл ғұмыры — ұлт ғұмыры



Нургуль Борибаевна БЕКМУРЗАЕВА,
№89 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Нұр-Сұлтан қаласы.

Тіл – елдің елдігінің, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш.

Бауыржан Момышұлы

Өркениеттер тарихына ой жіберсек, қай халықтың да Ана тілі бар екенін көреміз. Ана тілінің құдіретін қанша айтсақ та түгендеу мүмкін емес. «Біле-білгенге адамдағы ұлттық мақтаныштың алғашқы ұшқыны жүрекке тіл арқылы ұялайды, өмір бойы адамға ең тамаша эстетикалық ләззат беретін де құдіретті тіл ғой», – деген Расул Ғамзатов. Сол сияқты мен де өз тілімді жырласам, қазағымның қара топырағынан жаралған тал шыбық бүршік атардай сезіледі. ХХІ ғасыр табалдырығында тұрған осынау дүбірлі дүниеде өзінді мойындатудың бір жолы бар. Ол тағылымды тарихынды таныту, өрелі мәдениетінді өрістету, озық ғылымынды көрсету. Ұлтты ұлт ретінде ұстап тұратын төрт қазық бар. Олар тілі, діні, саны және салт-дәстүрі. Осы төрт қазықтың ең маңыздысы – тіл. Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы №89 мектеп-лицейінде 2022 жыл-

дың наурыз айының 9-18 жұлдызында «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» атты қазақ тілі апталығы болып өтті. Осыған орай бірнеше іс-шаралар, ашық сабақтар, кездесу, сайыстар, кеш ұйымдастырылды. Тілдер апталығы салтанатты түрде наурыздың 9 жұлдызында қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Етекбаева Баян Уатқанқызының құттықтау сөзімен ашылып, 10 күндік декадада іске асатын іс-шараның жоспарымен таныстырып өтсе, қазақ тілі пән мұғалімі Кошмағанбетова Меруерт Нұржанқызының ұйымдастыруымен дарынды оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. Сондай-ақ өнер туындысы – өмірді түсінудің кілті демекші мектебіміздің шебер ұстазы Айтжанова Сәуле Ашимхановна «Театр – өнер айнасы» тақырыбында өнер адамдары Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық театрдың актерлары: Нартай Сауданбекұлы, Ерлан Малаевпен кездесу ұйымдастырды. Елімізге танымал театр және кино саласының хас шеберлері, театр және кино актерлары – Нартай



Сауданбекұлы мен Ерлан Малаевпен өткен кездесу өте тартымды, қызықты өтті. Кездесу барысында актерлардың шығармашылық жолынан мәлімет айтылып, түскен киноларынан фрагменттер көрсетілді. Оқушылар актерларға көкейлеріндегі сұрақтарын қойды, оған жұлдызды қонақтарымыз ұтымды, тартымды, үлкен ой салатындай, салмақты жауап беріп отырды. Оқушылар мол азық алатындай тәлім-тағылымы мол кездесу болды. Кездесу жоғары деңгейде өтті. Жоспарға сай Құдайберген Жансая Сандыбекқызы ұйымдастыруымен «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты бейне-челленджге қазақ тілінде оқытылмайтын 7 «З» сыныбының оқушылары белсенділік танытты. Атап айтар болсақ, Тілекқабыл Илькер, Мухаметкалиева Жансая, Нақып Дарина, Полишук София, Сулейменова Азиза, Таскинбаева Азалия, Тюлебкова Майя, Түгелбай Назар өзіндік ынтасымен білімдерін шындай түсті.

«Тәжірибемен алмасу – кәсіби қажеттілік» мектеп ұстаздары іс-тәжірибе алмасу барысында жоспарға сай ашық сабақтарды 8 «Ж» сыныбында «Наурыз – уыз мерекесі» тақырыбында Аймуханова Гульдаурен Мухаметкалиевна, 6 «Б» сыныбында «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология» бөлімі бойынша «Қазақтың дастарқаны», үстеулер тақырыбында Бекмурзаева Нургуль Борибаевна, 4 «Д» сыныбына «Құстар мен жәндіктер» тақырыбында Қалиханова Айгерім Серікқызы өткізді. Әр ұстаз өз сабағының мақсатына сай әдіс-тәсілдерді, платформаларды, АКТ ұтымды қолданды. Сабақ барысындағы берілген психологиялық ахуал, жұп-

тық, топтық, оқулықпен жұмыс, ашық тест, постер қорғау, талдау, жағдаяттар шешу, эссе жазу жұмыстары қамтылды. «Guiziz», «LearningApps», «Wordwall», «Карусель» платформасы арқылы сабақтың тапсырмалары орындалды. Оқушылар белсене орындап, пәнге деген қызығушылықтарын көрсетіп отырды. Әр тапсырма кезінде «Бағдаршам», «Басбармақ» бағалау тәсілдері жүргізілді. Жаңа сабақты білім алушылар қаншалықты меңгергендігі жөнінде кері байланыс жасалды. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті. Тілдер апталығының өту барысында 5-7 сыныптар арасында «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында қабырға газеттер шығарылды. Жетекшісі: Идрисова Гульден Кайыржановна мен Исмагулова Гүлсана Ондасыновна. Мақсаты: оқушылардың Отанына, туған жеріне, мемлекеттік тілге құрметін насихаттау. Ақын-жазушыларға арналған «Үздік қабырға газеті» сайысына әр сыныпқа нақты ақын беріліп, сол адам жайында барлық мәліметті жан-жақты салып, қорғау жұмысы тапсырылды. Сынып оқушылары белсенді қатысты. Осы сайыстың қорытындысы бойынша 7 «Ә», 6 «В» сынып оқушыларына Алғыс хат жарияланды. Ал Жумабекова Жанат Есенгельдиевна мен Байтокина Гульнара Картаевнаның ұйымдастырымен «Қазақшаңыз қалай?» атты интеллектуалды ойын 6-сыныптар арасында өтті. Сайыстың мақсаты: Балаларды озық ойлы оқушы болуға тәрбиелеу, білімді, жан-жақты болуға үйрету. Ойын 7-кезеңнен әр кезеңнің өзіндік шарттары бар. Балалар шапшаң, жақсы жауап беріп отырды. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, блиц сұрақтарға балалар жауап беріп, өз білімдерін көрсете



білді. Ойыншылар екі топқа бөлінді: «Алғырлар», «Жүйріктер» тобы, ойында «Алғырлар», «Жүйріктер» тобы ұпай саны бойынша алға шығып, жеңіске жетіп, жүлделі орын алды. Ұйымдастырушылар озық, ойлы шәкірттеріміз көбейе берсін! - деген сеніммен тілегін білдірді. Сонымен қоса, Есимсейтова Алмагуль Жаппасовна «Көк көйлек киген көктемім» тақырыбында 5-6-сынып оқушыларының қатысуымен шығармашылық сайыс өтті. Іс-шараға 7 «Ә» сынып оқушылары белсенділік танытты. Атап өтсем, Бақытғали Аяннат, Бақытбек Әли, Аблахат Нұрсанат, Тұяқ Нұрасыл, Сатымбек Нұрислам, 6 «Г» сынып оқушылары Омархан Даяна, Наурызғали Айерке, Ернар Айала, 6 «В» сынып оқушысы Шатырхан Алуа жазған өлең, шығармалары жарияланды. Ал Сембиева Қымбат Есенгельдиевнаның ұйымдастыруымен 5-сыныптар арасында оқырмандармен «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында өткен «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің тәрбиелік мәні» атты іс-шара өтті. Мақсаты: оқушыларға әңгіме жанрының ерекшелігін айта отырып, Ы. Алтынсарин әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын, қоғамдық мәнін түсіндіру. Ыбырай әңгімелерін оқушыларға қысқаша мазмұндата отырып, оның шынайы өмірден алынғандығына назар аударту. Оқушыларды Ыбырай әңгімелеріндегі кейіпкерлердің жақсы мінез-құлық, орынды іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, қамқорлық жасауға, оқушыларды кітап оқуға баулу болды. 5-сынып оқушылары Ыбырай атаның өлеңдерін оқып, өмір дерегі, шығармашылығы бойынша тасымалар орындап, белсенділік танытты. Сондай-ақ Сагиндикова Уасиля Төлеуғазиевна мен Етекбаева Баян Уаткановна 11-сыныптар арасында «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойын өткізді. Мақсаты: оқушылардың әр салада білімдерін кеңейту, білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Оқушыларды қазақ тілінен басқа пәндерден алған білімдерін өмірде қазақ тілінде пайдалануға үйрету. Ойынға 6 оқушы екі команда бөлініп, өз білімдерін сынаға салды. Ойын соңында 11 «Б» сынып оқушысы Слямханова Диана «XXI ғасыр көшбасшысы» атанды. Даланың дара ұстазы – Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай, Алғожина Толкын Шагировна мен Тусупова Айгул Рақымбековнаның ұйымдастыруымен «Ыбырай Алтынсарин – ұлы дала ағартушысы» тақырыбында оқырмандар конференциясы өткізілді. Конференцияның мақсаты: ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсаринді қазақ халқының тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға ретінде кеңінен таныстырып, еңбектерінің жаңа қырларын ашу. Сондай-ақ, оның өшпес ілімі мен өнегелі мұраларын жас ұрпаққа дәріптеу. Конференцияға 10-11-сынып оқушылары қатысты. Конференцияның тақырыптық бағыттары:

- Ы. Алтынсариннің өмірі, шығармашылығы, ағартушылық еңбегі, нақыл сөздері, қысқа әңгіме шебері бойынша қорғады. Оқушылардың бойында елімізге деген патриоттық және ұлттық мақтаныш сезімін, ағартушы-педагогтың мұрасына құрмет сезімін, Ы. Алтынсариннің зияткерлік және рухани мұрасына қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған. Қоры-



тынды сөз қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің жетекшісі Б.У. Етекбаеваға берілді. Бірлестік жетекшісі өзінің сөзін қорытындылай келе, конференцияға қатысқан оқушыларға алғыс білдірді және сертификат табыстады. «Кітап – рухани қазына» демекші «Ақылды кітап» атты бастауыш сыныптар арасындағы өткен кітап оқу жарысы өте жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастырған Арғымбай Арайлы Сырымқызы. Жарысқа қатысқан оқушылар кітапты қызыға оқып, тесттік жұмысқа да аса қызығушылықпен дайындалған. «Ақылды кітап» атты жарыста бір-бірімен бәсекелесіп, сарапқа түсті. Тек үздік танылған оқушыларды І дәрежелі дипломмен марапаттады. Кітапханада тест тапсырып болған соң, оқушыларды кітап көрмесіндегі кітаптармен таныстырды. Кітап оқу жарысының нәтижесінде оқушылар өздеріне мол азық, рухани байлық жинады.

Дәстүр бойынша мектебімізде өтетін қазақ тілі апталығының 10 күндік декадасы Наурыз мейрамын тойлаумен ұштасып, өз мәресіне жетті. Апталықтың қорытындысын шығару мақсатында «Ұлыстың ұлы күні» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Қазақ тіл кафедрасының сегіз қырлы бір сырлы жігіттері, жан-жақты тұлға Елимес Ерболат пен Тоқанов Санжар кештің сәнін кіргізді. Кештің қонақтары, мектеп әкімшілігі, пән мұғалімде-

рі, апталықта өз қырларынан танылған дарынды оқушылар және қазақ тілі кафедрасының ұстаздар қауымы тамашалады. Оқушылар да өздерінің музыкаға деген қабілеттерін аңғартып, ән мен жырдан шашу шашып, қазақтың ұлттық биін шабыттана орындады. Апталықтың соңғы күні салтанатты жабылу кезінде апталыққа белсенді қатысқан барлық оқушылардың есімдері аталып, дипломдар, алғыс хаттармен марапатталды. Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығы белгіленген жоспар бойынша жоғары деңгейде өткізілгенін мектеп әкімшілігі тілге тиек етті.

Түйіндей келе, бұл шаралар осы мерекемен ғана шектеліп қалмай, әрі қарай өз жалғасын табады. Алайда, «Қазақ тілін терең меңгерген шәкірт қазақтың кең даласында, ашық аспанына қырандай биік самғап, Құлагердей жүйрік тұлпар болып, алыстарға шабады, биік шындарды бағындырады». Нағыз ұлттық рухта тәрбиеленген шәкірттер қазағымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ғасырларға жалғайды. Кеменгер жазушымыз Ғабит Мүсірепов: «Сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік белгісі, – деген. Ата-бабаларымыздың қалдырған аталы сөздерін көңілге түйіп, тіліміздің мерейін асқақтата берейік!

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Бауыржан Момышұлы



Болашақ ұрпақты кәсіби ұлттық музыка шығармашылығына тәрбиелеу



Гульжазира
Насырхановна
АУЕЗОВА,
Н. Тілендиев
атындағы Кіші Өнер
Академиясының
дарынды балаларға
арналған интернаттық
мекемесі бар
мамандарылған
мектептің қобыз
класының мұғалімі.
Атырау қаласы.

Қоғамдағы білім беру саласында болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті жоғары, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жан-жақты дамыған жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Осы орайда музыкалық аспаптарда ойнау, жалпы өнер арқылы тәрбиелеу міндеттері тек оны игерумен шектелмейді, сонымен қатар өнер табиғатына сай шығармашылық белсенділікті қалыптастыру болып табылады. Кез келген халықтың өзіне тән ұлттық мәдениеті, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-этнографиялық ерекшеліктері болады, солардың басты бір арнасы — музыка. Музыка әлемі — адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Ұлы ойшыл әл-Фараби жазғандай: «Музыка — жақсы мінез-құлықты, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, бойындағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді».

Расында, музыка — адамзаттың рухани азығы, жан серігі және тілімен ай-

тып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі.

Әрбір халықтың атадан балаға мирас болып келе жатқан асыл мұрасы — аспаптық музыка десек, сондай ұлттық аспаптар өмірге жайдан-жай келмегені айдан анық. Ол адамның жан дүниесінің ішкі сезім иірімдерін білдіру қажеттілігінен, әр халықтың тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр, әдет-ғұрпына орайласа туындап отырған. Адам баласы сөзбен, ән-өлеңмен айтып жеткізуге болмайтын сырлы да күрделі сезімдерін сыртқа шығару үшін музыкалық аспаптарды ойлап шығарған.

1960 жылға дейін бізге белгілі небәрі төрт қана аспап болатын. Олар: домбыра, қобыз, сыбызғы, сырнай. Соның ішінде көбінесе домбыра мен қобыз ғана қолданылып келген. Уақыт өте бұл қатар кеңейіп, толықтырылды.

Халықтың музыкалық мұрасын жинап теріп, оны зерттеу жолында артына ұмытылмас із қалдырған Б. Сарыбаев сынды ғалымдардың ұлан-ғайыр еңбектері халқымыздың игілігіне жарап жатыр. Қазақтың музыкалық аспаптарының шығу тарихы мен ерекшеліктері профессор Б.Ш. Сарыбаев еңбектерінде кеңінен баяндалған. Қазақ оргонологиясының негізін қалаған Б. Сарыбаев дарынды аспаптанушы, тамаша ұстаз болатын. Оның еңбектерінде көптеген көне аспаптармен қатар қобыз аспабына да елеулі орын берілген. Қобыз — қазақ музыкасынан ерекше орын алатын аспап. Мындаған жылдар бойы халық қобыз аспабын киелі санап, оны құдіретті күшке балаған. Қобыз дәстүрі шамандық нанымның бақ-



сылар типінің пайда болуымен тығыз байланысты. Қобыз аспабының тарихы тек қана бақсылық дәстүрмен шектелмейді. Ол жыраулар шығармашылығынан да үлкен орын алған. Бізге жеткен қобыз күйлері халқымыздың дәстүрлі мәдениетімен тамырласып жатыр.

Қазақ халқының ежелден пайдаланып келе жатқан аспабы — қылқобыз. «Қылқобыз» деп аталатын себебі, оған екі қыл тағылады. Бірқатар қобыз күйлеріне қасқырдың ұлуы, аққудың сұңқылы, мылтықтың дыбысы, аттың шабысы сияқты түрлі дыбыстарға еліктеу тән. Қобыз шығармаларының тағы бірі тобы — эпикалық сарындағы күйлер. Бұл күйлер шағын-шағын бірнеше бөлімнен тұрады. Күй аңызындағы оқиғаларды суреттейтін бұл эпизоттар бертін келе аңыз-әңгімелері ұмытылған соң тек музыка бөлімдері ретінде сақталып қалған тәрізді. Сонымен қатар, әр бақсының зікір салғанда қолданатын сарындары музыка мәдениетімізде ерекше орын алады.

Ұмытыла бастаған өнерді зерттеп, оның бар қасиет-қадірін халыққа жеткізе білу, сыр-сипатын ашып көрсету өскелең ұрпақ үшін өнегелі іс, ардақты да асыл парыз болып табылады. Қобызда ойналатын күйлердің бірі — «Башпай». Аңыз бойынша «Башпай» Қорқыттың өмірінің соңында шығарған ақырғы күйі екен. Күндіз-түні күй тартып, өліммен алысып әбден шаршаған күйші бірде қарындасының әкелген тамағын ішкеннен кейін бойы маужырап, көзі ілініп кетеді. Тамақ салынған дорбамен ілесіп келген жылан — ажал қобыздың үні шықпай тұрған кезде күйшіні шағып алады. Жыланның уы бойына жайылып, әлсіреп бара жатқан Қорқыттан Әзірейіл: «Қандай тілегің бар?», - деп сұрайды. Сонда Қорқыт: «Менің өмірде екі күнәм бар. Біріншісі — өлімнен қы-

рық бір жыл бойы қаштым. Кілем жайып Сырдың бетінде отырғанда, бірде алай-түлей дауыл тұрған еді. Сол кезде қарындасыма башпайым тиіп кеткен болатын, екінші күнәм — сол. Осы себепті мені көмгенде осы екі башпайымды ашық қалдырыңдар» - деп, қобызын қолына алып, ең соңғы «Башпай» күйін тартқан екен.

Қобызға арнап шығарылған күйлер ғасырдан ғасырға жалғасып келеді. Қобызды ерекше қастерлегенін мына жолдардан байқауымызға болады:

Таусылғанда амалым,
Нақыл болған қобызым.
Шағылғанда табаным,
Ақыл берген қобызым.

Қазақта неше мың күй болса, оның соншама аңыз-әңгімесі бар. Қобыз, домбыра, сыбызғы, жетіген, шаңқобыз сияқты музыкалық аспаптарымызда тартылатын мың сан күйлер бірде-бір себепсіз шықпаған. Бұл аңыз-әңгімелер тартылатын күйлердің музыкалық мән-мағынасын, әуендік ерекшелігін, иірім-қағыстарын дұрыс түсінуге себепші болумен бірге, халқымыздың тарихи-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат береді. Күй аңыздар өзінің нақтылығымен, шынайы өмірді арқау етуімен халық тарихының ең бір жанды шежіресі болып табылады.

Бүгінгі қазақ музыкасында қылқобызбен қатар қобыз-прима да қолданылып келеді. Олардың ерекшеліктері аспаптардың бұрауы ғана емес, жалпы құрылымында. Мысалы, қылқобыздың шанағы ожау тәрізді қуыс, бет жағы ашық, түбі көнмен қапталған. Ал прима-қобыздың шанағы жабық, түбі көнмен қапталған. Кейінгі қобыздарда түбіндегі қапталған көн де алынып тасталған.

Қылқобыздың ішегі аттың қылынан тағылса, қобыз-примада сым ішек қолданылады. Алғашқы қобыздар үш ішек-



ті, кейін классикалық аспап — скрипка-ның ішектері тағылып, төрт ішекті қобыз-прима болып қалыптасты.

Табиғатына байланысты аспапта ойнау тәсілдері де ерекше. Мұнда скрипка секілді дыбыс ішекті грифке тигізіп шығарылмайды. Дыбыс шығару мойынға тағылған ішектерді бойлай тырнақтың сырт жағын ішекке тигізу арқылы жүзеге асырылады. Осы себепті қобыз кейбір аспаптар тәрізді жылдам меңгеруге көнбейтін аспап.

Қобыз-прима өзінің дыбыс бояуымен оркестрдің үнін байытуға үлес қосып келеді. Оның әуендік, техникалық мүмкіндіктерін толық пайдалануға болады. Қобыз-прима оркестрде екі партияға бөлінеді: мелодиялық дауысты бірінші, гармониялық үндестіктерді екінші қобыздар орындайды.

Яғни кешегі көне қылқобыз бүгінде жаңа сипатқа ие болып, ұлт аспаптар оркестрінде кеңінен қолданыс тауып келеді. Ұлттық музыкамыздың бір қасиеті осында.

Жалпы ұлттық музыканы насихаттау барысындағы педагогикалық үдеріс үздіксіз шығармашылық ізденіспен байланысты десек, ол да болса оқытушы мен студенттің ұйымдасқан ұжымдық ұмтылысын қажет етеді. Музыка мұғалімінің шығармашылық қатысының тиімділігі мен нәтижесінің негізгі мүмкіндігі — жүйелілік, орындау реттілігі, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Шығармашылық іс-әрекет — күрделі ұғым, оны танымның жоғарғы сатысы деп білеміз. Ғалым-ізденушілердің еңбектерінің қорытындылары көрсеткендей, оқушылардың музыкалық аспаптар жайындағы алған білімдері мен оны еркін қолдану, олардың өзіндік шығармашылығын дамыту, оның кеңдігі, ыңғайлылығы, тиімділігі мен нәтижелігі проблемалық ситуация ерекшеліктеріне

енгізу музыка мұғалімінің біліктілігі мен тәжірибесіне тікелей байланысты. Оқушылардың музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастырудың негізгі түйіні — танымның логикалы, интеллектуалды, сезімді-бейнелі жағына байланысты.

Сонымен, шығармашылық үрдістегі маңызды бағыт — музыкалық аспаптарда ойнауды былайша түсіндіруге болады: қабылданар деректерді еркін тандау, саралау, жүйелеп жеткізу; соның негізінде қорытынды жасау, жобалау, қайта оқыту, сонымен қатар аспаптарға қатысты таным нәтижесін практикалық тұрғыда қолдану.

Жалпы, музыкалық аспаптарда ойнау білім алушыларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулиды, оның тәрбиелік мәні өте зор. Оқушылар әдетте өздері қолдарына ұстап, ойнап отырған аспап туралы, тыңдау үшін орындалған музыкалық шығарма туралы әңгіме басталса болғаны елең етіп, үлкен ынтамен тыңдауға кіріседі. Ендеше музыка әлемінің сырын ашып, саз маржанын шашу үшін үлкен ізденгіштік қабілет керек.

Уақыт алға басқан сайын, оқыту мәселесіне жаңа талаптар қойылу барысында оқу-тәрбие үдерісінде үздіксіз шығармашылық жұмыс жаңалана бермек. Ал мұның өзі музыка маманына жоғарғы музыкалық талғамды, шығармашылық ізденісті, тынымсыз музыкалық жаттығуды, еңбектенуді қажет етпек.

Жалпы, жастарды музыка өнеріне баулуда ұлттық музыкалық мұрамыздың, соның ішінде көне қобыз сарында-рының алатын орны ерекше демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Музыканың ұлы кітабы. — Астана, 2008.
2. Сарыбаев Б. Қазақтың халық аспаптары. — Алматы, 1980.



Колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін клубтық іс-әрекеттер арқылы қалыптастыру

Қазіргі заманның талабы, жас ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу, ол тұлғаның дүниетанымы кең, өзін-өзі қоғамда, өзі білім алып жатқан оқу орнындағы ұжымда бақылай алатын және кез келген ортада өз-өзін таныта білетін болуы қажет. Бұл міндеттер баланың сол оқу орнына бейімделуімен тығыз байланысты. Колледж — кәсіптік білім берудің шешуші факторы ретінде студенттердің кәсіби білім алуға бейімделуін қалыптастыратын орын. Студенттерге колледж қабырғасында өз-өзіне деген сенімділік, өз ойын білдіре алуға деген ұмтылыс пен тандаған болашақ мамандығына деген жауапкершілікпен белсенді іс-әрекет қажеттілігін ұғынып, кәсіби іс-әрекетке деген ұмтылыс қалыптасады.

Колледж — (ағылшын тілінен аударғанда *college* жоғары немесе арнаулы орта білім беретін оқу орны). Колледж студенттерінің шығармашылық іс-әрекеттеріне үлкен мән берілу керек. Студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірге дара тұлға етіп даярлау басты мәселе болып отыр. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің қайнар бұлағы. Олай болса Р. Сүлейменов «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс» дейді.

Клуб — бұл мәдени-тынығу мекемелерінің жаңа типі. Клуб тәрбиелік және идеологиялық мазмұнда ерекше орын алады. Клуб дегеніміз не?

- Клуб — қоғамдық ұйым, ол сту-

денттерді біріктіріп ғылыми, көркемдік, шығармашылық, саяси қызығушылықтарын біріктіретін орын;

- Клуб — студенттердің өз еркімен қатынасып, қызығушылықтарын дамытатын және демалыс уақытын ұйымдастыратын орын;

- Клуб — студенттердің сабақтасығын қалыптастыратын біріккен іс-әрекетке үйрететін орын;

- Клуб — студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін, адамгершілік құндылықтарын бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтатын ұйым болып табылады. Клубтар мен үйірмелер арқылы студенттер бойында келесі дағдылар қалыптасады:

- Тұлғалық мотивация (қызығушылық, сүйіспеншілік, кәсіби қызығушылық және т.б.);

- Өзін-өзі танытудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру. Клубтар мен үйірмелер іс-әрекетінің мақсаты мен мазмұны студенттің мәдениет деңгейі мен адамгершілік тәрбиесіне байланысты;

- Студенттердің өзін-өзі дамыту бос уақытын тиімді пайдалану, пайдалы іс атқаруға дағдыланады.

Клуб жұмысы — қосымша білім беру жүйесіндегі ерікті, дәстүрлі балалар бірлестігінің кең тараған түрі. Клубтық бірлестіктер алғашқыда үйірмелер, өнерпаздар бірлестігі ретінде пайда болып, кейіннен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыс түрінде жүзеге асып отырды. Негізінен клубтық жұмыстар іске асырылмай тұрып үйірмелік жұмыстар жүргізіледі. Яғни, оқу процесі барысын-



да үйірмелер құрылып жұмыс атқарады. Жалпы үйірменің өзі — шағын ұйым секілді. Қазіргі таңда, оқу процесінен тыс тәрбие жұмысы ретінде үйірмелер келесі функциялар атқарады:

- Оқу пәндерінің білімін тереңдету, кеңейту, толықтыру;
- Студенттерді мәдени-әлеуметтік іс-әрекет түрлеріне баулу;
- Коммуникативтік тәжірибені кеңейту;
- Кәсіби бағдар беру;
- Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру.

Клуб — мақсаттары, мүдделері, қызығушылықтары бір адамдардың ерікті бірлестігі. Тұрақты мүшелері және белгілі бір уақыттан бері жалғастырып келе жатқан жұмыстары клубтардың басты белгісі болып табылады. Клубтық жұмыстар — студенттерді қызықтыратын іс-әрекет саласында өз мүмкіншіліктерін сынайтын, шындайтын ынтымақпен қарым-қатынас ортасы. Клубтық жұмыстардың уақыты — 20-40 минутқа созылады, қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастырылады. Клуб отырыстарының уақытының ұзақтылығы және іс-әрекет көлемі жастардың көңіл-күйі, қалауы, өзара қарым-қатынас ерекшелігіне байланысты.

Клубтық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі әдісі: студенттердің тәжірибелік жұмысы. Олар: конструкциялау, модель жасау, іс-тәжірибе жүргізу, бақылау болуы мүмкін. Көбінесе сабақтар әңгіме, баяндама, тәжірибелер, зертханалық, тәжірибелік жұмыстар, әр түрлі модель үлгілерін жасау түрінде жүргізіледі. Сонымен қатар клуб отырыстары әр түрлі қызықты ойындар, сайыс, диалог алаңы, т.б. түрде де өтеді. Диалог, пікірталас түрінде өтетін отырыстар әсіресе жоғарғы курс сту-

денттеріне ұнамды келеді. Жас ерекшелігіне тән — өз ойын ашық айту, көзқарасын дәлелдеу, жетістікке ұмтылу сияқты әрекеттер тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Клубтық іс-әрекеттердің маңызды элементінің бірі — оның нәтижесін көрсету. Клубтық жұмыстардың нәтижесінде байқау, сайыс, жарыс ұйымдастыру, мерекелік іс-шара өткізу, көрме ұйымдастыру жұмыстары, концерттер, фестивальдар, театрландырылған қойылымдар сияқты көз тартымды ұтымды іс-шаралар ұйымдастырылады.

Клубтың ұйымдастырушылық жұмыстары қоғамдық — пайдалы сипатта болуы қажет. Әрбір клуб мүшесі өз жұмыстарының қоғамдық маңызы бар екендігін білгендері жөн. Қандай да үйірме, клуб және т.б. әр түрлі бірлестіктердің жұмысының нәтижелі болуы алдымен ұйымдастырушы-педагогтың шеберлігіне байланысты болады. Сондықтан бүгінгі таңда, осы салада арнайы кадрлар даярлануы қуантады. Әрбір баланың жан-жақты болып дамуы, тәрбиеленуі, арнайы ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары арқылы жүзеге асады. Колледж студенттерін сабақтан тыс уақытта клубтық іс-әрекеттерге баулу, танымдық қызығушылығын ояту, бос уақытын мазмұнды өткізу басты мәселенің біріне айналуға. Студенттің шығармашылық қабілетін тәрбиелеуде оның қызығушылығын оятудың әдіс-тәсілдерімен қатар алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді жүйелеудің, тұжырымдардың жеке құжаттарды жан-жақты сын тұрғысынан талдай білудің өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдерін үйрету, тұлға бойына дарыту оқушының соңғы технологиялық үдерістерді пайдалануына байланысты.

Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік



кабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі. Студенттердің шығармашылық қабілеті өзіндік жұмыстар жасау арқылы қалыптасады. Студенттің оқуға қызығушылығы мен қажеттілігі өзіндік іс-әрекеті негізінде қалыптасады. Қорыта айтқанда, колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда клубтық іс-әрекеттің маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарков А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности: Учебное пособие. — М., 2002.
2. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. — Казань. Изд. КУ, 1996. - 567.
3. Тұрғанбаева Б.. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі, - Алматы, №7-8, 1997.

Гульжан Жақияқызы ӨМЕШОВА,
Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық
өнер академиясы
мектеп-интернат-колледжнің тәрбиешісі.
Алматы қаласы.



Бастауыш сынып оқушыларының ана тілі сабақтары негізінде шығармашылық қабілетін дамыту

Оқушы тұлғасының дамуының бір көрінісі — *шығармашылық*. Шығармашылықтан адамның көптеген психикалық сапалары ашылады, жеке адамның ішкі мазмұны көрініс береді. Шығармашылықтық үдерісі кезінде адамның психикалық әрекеті барынша жоғары деңгейде өтеді. Бұл жеке адамның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күшіне жатады. Шығармашылық жаңалық ашу, көрнекі-бейнелік мазмұнды қайта құру арқылы ғана жүзеге асатын болғандықтан ол қиял есебіне енеді. Шығармашылықты екі түрге бөліп қарастырамыз: *көркем шығармашылық және жазушылық шығармашылық*.

Көркем шығармашылық. Көркем шығармашылық — кез келген қоғамның, кез келген тарихи даму кезеңіндегі мәдениеттің маңызды бөлігі. Алғашқы дәуірден бастап-ақ адамдар көркем шы-

ғармашылықпен айналысып келеді. Ол кездегі шығармашылық коллективтік болғандықтан, жеке субъектілер есімдері тарихта қалған жоқ және бізге белгісіз. Тарихи дамудың кейінгі сатыларында, қоғамның дифференциацияланғанынан кейін, көркем шығармашылық индивидуалданып, мәдениеттің дербес формасына айнала бастады.

Жазушы шығармашылығы. Әдеби-суреткерлік қызмет творчестволық қиялдың сыбағалы салмағы ерекше мол процесс болып саналады. Жазушының ақыл-ой қызметінің жемісі — адамдардың өмірін, олардың психологиясын, тейіреністері мен бір-біріне қатынасын бейнелендіретін, дәуірді және ондағы үстемдік етуші әдет-ғұрыпты сипаттайтын күрделі бейнелердің күрделі жүйесі.

Н.Г. Чернышевский «Сөз шеберінің шығармасы өмірді жай, өз күйінде су-





ретке түсіру баяндау ғана емес. Әдеби-көркем шығарма өмірдің мәні **айқын бейнелі формада** түсіндірілетін адамдардың типтік мінездері, талап, ниеттері суреттеліп отырған дәуір адамдарының ішкі жан дүниесі ашып көрсетілетін, «өмір оқулығы» болуы тиіс» десе, Альбер Камю «шығармашылық — адамды жоғарғы қуанышқа жеткізеді. Шығармашылықты көбіне өнермен байланыстырады» деген болатын. Бүгінгі күнде қоғам қойып отырған талаптардың бірі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі.

Оқушының шығармашылық әрекетінің негізгі сипатамаларын және оларға сәйкес қалыптасатын қабілеттіліктерін Ю.Г. Юдина мына түрде қарастырады:

1. Оқушының шығармашылық іс-әрекетінің міндетті түрде талап етілуі: оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясы, жыл соңындағы шығармашылық емтихан, жылдық мектептік көрмеге қорытынды жұмыс тапсыру, т.б.;

2. Оқушының шығармашылық іс-әрекетінің пайда болуының жан-жақтылығы: жаңа ситуацияға байланысты білім, икемділіктерін қолдана білу, таныс объектілердің жаңа функцияларын көре білу, шешімдердің баламасын таба білу, мәселенің белгілі шешіміне қоса шешімнің жаңа, тың әдістерін таба білу;

3. Сыныптағы ерекше эмоционалдық шығармашылық атмосфера және оқушының қызығушылығы, белгілі эмоция, сезімдердің барлығы оқушылардың шығармашылық әрекетінің шарты ретінде эмоциялық шығармашылық атмосферасы болып есептеледі. Кейбір оқушылар үшін эмоциялық қызығушылық белгілі бір пәнді меңгеруге деген негіз болып табылады. Ал, кейбір оқушылар үшін эмоциялық көңіл-күй

олардың болашақ шығармашылық жұмыстарына бағыт береді;

4. Оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы: оқушы өзін белгілі-бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді, бұл оған сол пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Шығармашылық әрекет оқушыны өзіне тартуы, баули түсуі деп қарастырады.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатына тән. Біздің міндетіміз, оқушыға оның бойында жасырын жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Егер шығармашылық оқушының жас кезінде бағалы бағдар болып қалыптаспаса, онда болашақта оның қалыптасуы екі талай. Жалпы алғанда, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда түрлендірілген сабақтың берері мол. Олай болса бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытатын пәндердің бірі — *ана тілі мен қазақ тілі*.

Тіл — ақиқатты танытудың басты құралы. Психологиялық әдебиеттерде тілсіз ой тумайды дейді. Бастауыш сыныпта ана тілі пәні арқылы оқушылардың қажеттілігін, мақсаты мен міндеттерін, шығармашылығы мен дүниетаным қалыптастыру мәселелері негізге алынады.

Тілдің тәрбиелік мәні де күшті. Ана тілін жақсы меңгерген оқушының ғана көркем әдебиетімізді қызыға оқуға, көркем өнер үйірмесіне құмарта қатысуға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасап, тіл табынуға деген бейімділігі қалыптасады, яғни баланың мәдени өрісі қоғам талабына сай бола түседі. Ана тілін оқытудағы негізгі мақсат — оқушылардың сөздік қорын, ауызша сөйлеу



тілін және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оларға рухани дүниесін байыту, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы — жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себу. Ол үшін бала айналадағы затты, құбылыс пен болмысты танып білуі тиіс. Соған байланысты оның тіл байлығы да артады. Баланың өмірді көргені, танығаны көп болса, оның тілі де байи түседі. Оқушының тіл байлығы ауызша түрде де жазбаша түрде де қатар дамытылуы тиіс. Ана тілі жас баланың ақыл-ойының дұрыс дамуына білімді еркін және оңай меңгеруіне көп жеңілдік келтіреді. Сол себепті мектепте ана тілін оқыту ісіне ерекше мән береді. Баланың кішірек кезінде бәрі бір бағдарламамен оқып, бірге жүргенмен, әр баланың өзіндік бір ерекшеліктері оның пәнге деген қызығушылығынан, ниеті мен талпынысынан байқала бастайды. Педагог-ғалым Н.И. Кудряшев сабақтарды танымдық мақсаттарына қарай саралайды:

1. Көркем шығарманы оқып-үйрену сабақтары:

- а) әдеби шығарманы оқып-үйрену сабақтары;
- ә) мәтінмен тереңдете жұмыс жүргізу;
- б) көркем шығарманы оқып-үйренуді қорытындылау;

2. Әдебиет теориясы мен тарихын оқып үйрену сабақтары:

- а) ғылыми, әдеби-сын зерттеулерді оқып үйрену;
- ә) жазушы шығармашылығын оқу сабақтары;
- б) әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру сабақтары;
- в) қорыту, қайталау сабақтары;

3. Тіл дамыту сабақтары:

- а) шығармашылық жұмысқа үйрету сабақтары;
- ә) ауызша жауап беру сабақтары;
- б) шығарма жазуға үйрету;

в) шығарма талдау сабақтары деді.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі оқу құралының авторы Б.Д. Жұмақаева: «Әрбір әдебиетші ұстаз шебер-әдіскер, тамаша суреткер, талантты қайраткер, қажырлы еңбекқор, әрі талапты да дарынды болуы зор табыс. Ол үшін оқытушы сабақ берудегі әдістерді де амалдарды да, тәсілдерді де жете меңгеруі тиіс» деген болатын.

П.Ф. Каптерев «Бала ойынының қарапайымдылығы — алдамшы құбылыс бұны бәрі біледі, бірақ оны бәрі түсіне бермейді», — дейді.

Шығармашылық — адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылық әрекетке оқушының мәселені көре білуі, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар алуы жатады. Жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз оқушының өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болуы тиіс. Баланың шығармашылы, жетістігі әр уақытта ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық — Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. — 242 б.

2. Тұрғынбаев Б.А. Шығармашылық қабілет және дамыта оқыту. — Алматы, 1990.

**Сағыныш Абаевна
АЙСАУТОВА,**

**№200 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі.
Наурызбай ауданы,
Алматы қаласы.**



Университеттің бастауыш білім беру топтарында баскетбол ойнау техникасының негізгі элементтерін игеру әдістері

Қазіргі кезде спорт ойындарының ішіндегі ең көп тараған спорт бұл баскетбол ойыны болып есептеледі. Баскетбол ойыны барысында спортшы күшті, жылдам, епті болуға, қиын жағдайда жылдам шешім қабылдай алатындай шеберлікке тәрбиелейді. Баскетбол ойыны ойыншыларды көзбен мөлшерлей білу және көздің көргіштігін жақсы жетілдіреді.

Баскетбол ойынында негізінде, бастауыш білім беру топтарындағы студенттермен сабақты бастап, оқытушы жаттығу барысында физикалық қасиеттерді дамытуға және ойын техникасының элементтерін қалыптастыруға көбірек назар аудару қажет. Сондықтан теориялық талдау және тәжірибе жүзіндегі жалпы дайындық бастапқы кезеңдегі негізгі дағдыларды игеруге және қалыптастыруға арналған болып есептеледі. Олардың атқаратын қызметтері төмендегідей:

- жылжу техникасы және олардың түрлері;
- тіреуіш аяқта аялдамаларды, ойын тіректерін, тепе-теңдікті және бұрылыстарды дұрыс орындау;
- допты бір және екі қолмен ұстау;
- допты бір қолмен лақтыруды орындау және екі қадаммен қозғалу;
- допты орнында және қозғалыста жүргізу.

Дегенмен баскетбол ойынында, бастапқы оқу кезеңінің ерекшелігін ескері отырып, ойнау техникасының жоғарыда аталған элементтерін игерудің ұтым-

ды әдістерін қарастыру қажет. Сол үшін қажетті, қозғалыс техникаларын пайдалану керек: жүгіру, негізгі тірек, бүйірлік қадамдар, секіру, секіруді тоқтату, қадамды тоқтату, қорғаныс сәресі, бұрылыстар.

Бұл әдіс-тәсілдердің барлығы, алаңдағы қозғалыс техникасын оқыту баскетбол ойнау техникасын бастапқы оқыту деңгейінің үлкен бөлімі. Дұрыс қозғалыс техникасының тұрақты динамикалық әрекеттерін және олардың түрлерін дамыту үшін жаттығулар сабақтың дайындық бөлігінде, жаттығулар орындалады.

Сол үшін оқыту реттілігі төмендегідей әдіс-тәсілде үйретуден басталады:

- әр тәсілдің техникасын жеке-жеке зерттеу;
- қозғалудың әр түрлі әдістерінің тіркесімі;
- орындау сапасын арттыру (жылдамдық, биіктік және т.б.).

Сондықтан, барлық қозғалыстар қадаммен орындалады, содан кейін баяу жүгіреді, содан кейін қозғалыс жылдамдығы артып, тапсырма бойынша өзгереді. Жаттығуды негізгі тіректен, жүгіру мен аялдамалардың түрлерінен бастау керек, содан кейін ғана секірулер мен бұрылыстарға көшу қажет. Алдымен тәртіп сақталады, содан кейін қозғалыстардың әртүрлі комбинациясы орындалады.

Допты иелену техникасы: допты қабылдау, беру, жүргізу, лақтыру.

Барлық шабуыл допты иелену қабілетіне негізделген. Жаттығулар мен ойын әрекеттерінің қарқыны шеберлік деңгейіне, доппен сәтті әрекеттерге



байланысты. Сондықтан басты назар допты ұстау және орындау техникасына аударылуы керек.

Допты қабылдау техникасын оқыту әдістемесі келесі кезендерге бөлінеді:

- оқуға алғышарттар жасау, үйренетін техникамен танысу;
- қиын жағдайларда қабылдауды үйрену;
- күрделі жағдайларда қабылдауды үйрену;
- ойынға қабылдауды бекіту.

Допты иеленудің дене мүшесінің қалыптастыру процесінде қозғалыстарды басқаратын және оларды түзететін сезім мүшелері өте үлкен рөл атқарады. Доппен әрекет жасау кезінде оқушы допты денесінің бір бөлігі ретінде сезініп, легоны үйреніп, оны дәл басқаруды үйренуі керек. Жаттығудың бірінші кезеңінде допты иелену дағдысын игеруде визуалды анализаторға үлкен рөл беріледі. Көру негізінен қозғалыстарды бақылау және түзету арқылы жүзеге асырылады. Оқытудың бірінші кезеңінің міндеті жаңадан бастаушылар үшін допты басқарудың белгілі бір дағдыларын дамыту, оның қасиеттерін сезіну және оларға сәйкес қозғалыстар жасау. Сондықтан жаттығудың бастапқы кезеңінде доппен әр түрлі жаттығуларды орнында, қозғалыста, доппен еркін ойындар берген жөн.

Бастапқы кезеңнің келесі міндеті үйреншікті қабылдау туралы түсінік қалыптастыру. Мұнда олар қабылдауды орындау үшін көрсету, түсіндіру және сынақ әрекеттерін (еліктеу) пайдаланады. Оқытушының жеке көрсетілімі көрнекі құралдардың көрсетілімдерін толықтырады. Түсіндіру бейнелі және қысқа болуы керек. Көрсетілім түсіндірумен кезектеседі. Имитация, сынақ әрекеттері үйреншікті қозғалыс туралы дұрыс идеяны құруда маңызды болатын алғашқы дене сезімдерін қалыптастырады.

Негізгі кезең. Доппен қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру процесінде мұғалім негізгі техникалық үйренушілерге мүмкіндігінше жеңілдетуі керек, оған техниканы орындауға алғашқы әрекеттерде оның сезімдері сәйкес болатындай жағдай жасауы қажет. Техниканы дұрыс орындаған кезде, әдетте, қателіктердің пайда болу мүмкіндігін болдырмау, кез келген кедергінің әсерінен қорғану және т.б. бұл кезеңде жетекші жаттығулар өте маңызды болады. Жетекші жаттығулардың көмегімен ойын әдістерінің құрылымдық элементтері игеріледі. Осы негізде допты иелену техникасы бойынша жаттығуларды орындау барысында қабылдау құрылымының негізін игеруін жалғастыру. Алдымен оқыту жағдайында жеңілдететін меңгеру дағдыларын және мүмкіндіктерін болдырмайтын артық қозғалысы тән қалыптасудың бастапқы кезеңінде физикалық, аффективті, эмоционалды. Қатысушылар дене сапасының негізін игерген сайын, қабылдау шарттары біртіндеп өзгеріп отырады, осылайша техниканы үйрену барысында қатысушыларда ойынды қабылдауға байланысты тактикалық дағдылар қалыптастырады.

Аяқтаушы кезең. Оқушы өзінің қимылдарын «спорттық жабдықтар», - доптың қозғалу негізінде басқарады және сонымен бірге мұғалімнен нұсқаулар, ескертулер мен кеңестер түрінде айтып басқару негізінде алып барады. Білім алушылар алынған ақпаратты жинақтайды, талдайды, дербес шешім қабылдайды және қозғалысты орындауға команда береді. Егер барлық алынған ақпарат сәйкес келсе, шығармашылық оқу процесі жүреді. Егер жок болса, мұғалім оқу процесін көрсететін объективті көрсеткіштерді табуы керек. Бұл кезеңдегі жетістік зияткерлік даму деңгейіне және оқытушының біліктілік деңгейіне, оның жоғары спорттық ше-



берлік деңгейінде дайындыққа кәсіби сәйкестігіне байланысты болады. Оқу процесі оқытушы мен оның оқушысының өзара байланысты әрекеті екені белгілі. Оқу процесінде оқытушы студенттерге белгілі бір ақпаратты хабарлап қана қоймай, сонымен қатар оның белсенді қызметін басқаруы керек, спорттық шеберлік көрсеткіштерінің өсуіне және оқушының функционалды жағдайына нақты есеп пен бақылау жүргізуі қажет. Оны жүзеге асырудың мақсаты мен міндеттері неғұрлым нақты болса, оқытудың тиімділігінің ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Сондықтан қазіргі кездегі баскетбол – жылдамдық пен ептілікті көп қажет ететін ойын. Осыған дәлел ретінде,

баскетболдағы күтпеген жағдайдағы ұмтылыс, күшті жылдамдықпен жүгіріп келе жатып кілт тоқтап және ойын кезінде жақын қашықтыққа өте жылдам жүгіру, жалт бұрылу. Баскетбол ойыны кезінде ойыншылар қысқа мерзімде түрлі қимылдар жасайды және қажет болған жағдайда бір қалыптан екінші қалыпқа тез ауысады, бұлардың бәрі қарсы ойыншылардың іс-әрекеттеріне байланысты болып келеді.

**Исенбай Отегенұлы МОЛДАХАНОВ,
YESSEN OV UNIVERSITY**

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

**Ақтау қаласы.
Маңғыстау облысы.**



STEM – оқыту біріктірілген тәсілімен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру



**Меруерт Молдахметқызы ТЕНІЗБАЕВА,
Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің
Педагогика және арнайы пәндер оқытушысы.
Жаркент қаласы,
Алматы облысы.**

Шебер сыныптың мақсаты: Білім беру жүйесінің жаңа трендтерін STEM – оқыту арқылы жүргізу тәсілдерін көрсету.

Шебер сыныптың міндеті:

- STEM – оқытудың төрт компоненттік интеграторын практикалық жұмыстарда қолдану;
- Инновациялық идеялар мен бі-

лімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру, креативті және жаңашыл көзқарас қалыптастыру;

- STEM – оқытудың тәсілдерін сабаққа енгізудің шығармашылық жолын көрсету;

Шебер сыныптан күтілетін нәтиже: Шебер сыныпқа қатысушылардың



өмірлік және кәсіби перспективаларын дамытып, сенімділік — өзгеріс — табыс ұстанымына қол жеткізу. **STEM** — білім берудің үздік ерекшеліктерін педагогикалық құзыреттілікті қалыптастырудың жолы ретінде қажетті дағдыға айналдыру. Демонстрациялаған іс-әрекет арқылы оқитудың негізгі аспектілерін жанаша ұйымдастырудың тәсілдерін меңгеру.

Шебер сыныптың жүргізілу барысы:

Бейнематериал көрсетіледі:

1. Еңбек нарығын қалай өзгертуге болады?

2. **STEM** — дағдыларын меңгергендіктен ағымда бос жұмыс орындар кездеседі?

Барлық жұмыс орындары **STEM** — дағдыларын меңгерген мамандарды қажет етеді.

Бүгінгі шебер сыныпта **STEM** — дағдыларын меңгерген болашақ мамандарды сапалы оқытудың жолдарын анықтаймыз.

Себебі сапалы білім алған студент **STEM** — дағдыларын меңгерген маман.

STEM — оқыту арқылы студенттерде қалыптасатын дағдылар:

- Ғылыми сауаттылығы дамиды;
- Мәселені шешеді;
- Сыни тұрғыдан ойлайды;
- Топта жұмыс жасай алады;
- Цифрлық сауаттылық қалыптасады;
- Шығармашыл болады;

1. **Макроәлем — STEM.** Оқу процесіндегі STEM және педагогика.

Ғылыми сауаттылықты дамыту

«Картоптан жасалған тағам»

Бес үлкен картоптан жасалған тағамға тапсырыс берейік.

Енді келесі жолы осы бес үлкен картоптың орнына екі есе кіші картоптан жасалған тағамға тапсырыс берейік.



2




2



2



2



2

Енді бұл шағын картоптарды екіге бөлгендіктен барлығымыз он шағын картопқа тапсырыс берілді деп есептейміз.

Енді тапсырманы ғылыми негізде қарастырып көрейік, картопты көлем ретінде қарастырамыз, ұзындығы, ені, биіктігі.

Мәселені шешу

Осы үш өлшем бізде екі есе кішірейеді. Бізде барлығы сегіз есе кішірейеді «ABC»-ны сегізге бөлеміз.

$$V = \frac{a \cdot b \cdot c}{2 \cdot 2 \cdot 2} = \frac{abc}{8} \cdot 5 \cdot 8 = 40$$


Бұл жерден шығатын қорытынды, бес картопты сегізге көбейтеміз, сонда болады қырық картоп.

Яғни бұл күнделікті осы тағамға тапсырыс беру үшін 40 шағын картоп қажет.

Сабақтарыңызда берілетін білімді ғылыми, дамытушылық, эмоционалдық аспектілерді орындауға мақсат қойсаңыздар, студенттердің пәнге деген қызығушылығын ояту арқылы тапсырманы түрлендіріп, ұсынған орындау тәсілдерін, пәнге бейімдеу арқылы ғылыми сауаттылықты дамытуға болады.

Енді осындай тапсырманы мектепке дейінгі педагогика пәніне жасап көрейік.

Мысалы: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы ойын түрлері»



Осы суреттер арқылы қандай ойын түрлерін көруге болады?

- Қимыл қозғалыс ойындары;
- Құрылыс ойындары;
- Дидактикалық ойындар.

Сөз тіркестерін қолдана отырып, ойын түрлері бойынша мақсат, міндеттерін және ойынның шартын құрастыру.

Қимыл-қозғалыс ойынының мақсаты: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойынға деген

құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.

Дидактикалық ойындар: Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілеттері мен зейіндерін дамыту.

Құрылыс ойындары: Қызығушылықты оятады, қиялдау және кеңістіктегі ойлауды дамытады, қиялды белсендіреді, бастамашылық пен дербестікті оятады, сонымен қатар өнертапқыштық пен шығармашылыққа қызығушылық тудырады.

2. Сыни тұрғыдан ойлау креативті оқытудың оңтайлы тәсілдерін өмірге алып келеді.

Сыни ойлау. Креатив.

Адамның оң жақ және сол жақ ми сыңарлары белгілі бір функцияларды атқарады. Оң жақ ми сыңарлары функциясына креативті ойлау жатады. Практикалық тапсырма орындай отырып креативті ойлау дағдысын жетілдіру

3. Педагогтарға арналған океанариум Шығармашылық.

Видео

Океанариум

Балықтар (Рыбы)



Маржан тастар (Жемчуг)





Балдырлар (Водоросли)



Сүтқоректілер (млекопитающий)

**Интерпретацияға кезек берейік****Балықтар (Рыбы)**

өмірлік ұстанымдары – «Мен сенемін», кез келген жағдайдан тез шығатын, қорқыныш деңгейі басым,

шешім қабылдауда көп ойланады, қателесу қаупі аз

Маржан тастар (Жемчуг)

Әдемілікке ұмтылады, сапаға ерекше көңіл бөледі. Бағалы пікірлерді құптайды, алайда мақсаттарына қол жеткізу көптеген қиындықтарға алып келеді

Балдырлар (Водоросли)

Ерекше көзқарасқа ие, жұмсақ, икемді дағдыларға ие мақсатқа жету жолында кедергілерді өздері туындатады

Сүтқоректілер (Млекопитающие)

Кез келген ортаны билейтіндер, коммуникативті қарым-қатынастары өте мықты, жылдамдықты ұнатады, өз позицияларында нық тұрады, көбінесе үлгі болады

Кері байланыс «Шоппинг» әдісі.

Шебер сыныпта STEM – оқытуды қолдану бойынша негізгі түйген ойыңыз қандай?

Қолданамын

Қолданбаймын

Зерттеймін

Қосымша идея

Менің ойымша ...

Пікір...

The implementation of action research in English lessons

Annotation

The results of the monitoring and analysis of students' performance during lessons in the beginning of the year showed that students had low levels of reasoning skills. Thus, it was decided to develop these skills by conducting an action research project. The aim of this study is to find approaches that can be efficiently applied in developing 7th grade students' reasoning skills. Two strategies, i.e. deconstruction and TEEL are described in the article as effective methods that helped to improve students' argumentation skills.



One of the topical themes of the development of education in Kazakhstan is the improvement of the professional competence of the teacher. The reason for this is that the requirements for teacher training are increasing in the context of updating secondary education. Only by developing constantly, can teachers keep up with modern educational trends and research. Every teacher faces various problems on a daily basis, which must be solved and overcome. As a result, we change our practice, choosing the most effective methods and forms of conducting our classes to become successful teachers.

As action research enables teachers to analyze and reflect on arising educational problems, we decided to make use of this method. At the beginning of this school year, a level test was conducted for grade 7 students. The results of that monitoring and analysis of students' performance during the lessons showed that students had low levels of reasoning skills.

In the first phase of action research, an actual problem was identified that determined the subject of the study. We tried to find an answer to the question: What methods can be efficiently applied in developing the reasoning skills of grade 7 students? This question was taken for the research as developing of the reasoning skills contributes to the increase of communicative competence. The skill of describing a situation and the ability to explain is a part of the global competence that should be developed in young generations. This is one of the most important elements of functional literacy that influences a student's academic and, potentially, professional success. Thus, developing argumentation as a means

of coordinating point of view and an opponent's opinion stimulates children's intellectual capacity.

Two groups of 7th grade students were identified to work on this question as part of the practice in action research: an experimental (control) group that consisted of newcomers from different schools and a non-experimental group where all students came from the same school and class since grade 5. The experimental group showed a low average score at school entry in this parallel, and later lower score on the results of monitoring their speaking skills. During lesson planning, students in this group were taught the concept of "argumentation," its component parts (Claim – Reason – Evidence) and practiced speaking and writing skills.

Participants in the non-experimental group scored higher when their speaking skills were tested and had a higher average passing grade based on monitoring results and lesson observations. During the development of lessons for students in this group, the concept of "reasoning" was not introduced, as they got acquainted with it before, but the structure of work on written assignments and task specific clarifications used for assessment were explained.

After initial testing, it was decided that the implementation of the deconstruction method was ideal for helping our students grasp the complexity of writing an essay. This aided students of group 1 in providing reasons to support their answers with evidence.

The following framework for teaching writing was created:

1. Students are provided with jumbled texts and asked to sequence paragraphs in the correct order, naming the parts of



a piece of writing. Students then have to explain their answers and support them with examples from the given text. The function of each paragraph, i.e. introduction, main body and conclusion, is considered in detail. In addition, the structure of a paragraph (topic sentence, supporting sentences with examples) itself should be studied carefully. For this purpose, the TEEL structure is applied to teach how to write a good paragraph. TEEL stands for:

T = topic sentence;

E = elaborate or provide more explanation of idea in topic sentence;

E = give some evidence to support the topic presented in the paragraph;

L = linking sentence making connections between paragraph and main argument of the text.

In addition, at this stage, focus should also be given to the function of connectives that help readers to see the sequence within the paragraphs and the text itself. In our study, students were provided with a chart that can help them organize their paragraphs and thoughts clearly, and this would also be useful for visual learners;

2. After the thorough analysis of the writing's structure, students analyze the given text focusing on the use of topic related vocabulary according to task specific clarification requirements. Students highlight the phrases and collocations that can be used later in their writing;

3. A wide range of grammatical structures (i.e. present, past and future tenses, conditionals, will and going to) is revised, in order to be used effectively. Students again highlight the corresponding grammar that can be used later in their writing;

4. Students brainstorm ideas and plan their piece of writing based on a given task.

Having written a draft, students peer-check their work regarding provided checklists and task specific clarifications;

5. Students edit, rewrite, proofread and submit the final versions of their work.

